



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2025 жығы 12 ақпан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот төрағасы А.А. Дронов,
баяндаушы судья Н.В. Павлова, судьялар А.М. Ажибраимова,
Э.В. Айриян, Д.П. Александров, А.А. Забара, Е.Ж. Исмаилов,
М.Т. Кайыпов, А.Б. Кишкембаев, А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы А.А. Пановтың қатысуымен,
іс материалдарын зерделеп, баяндамашы судьяны тыңдап,
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69,
73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның өтініші бойынша
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы
шарттың ережелерін түсіндіру туралы консультативтік қорытынды
ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, Комиссия) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот, Одақ Соты) жүгінді.

Өтініш беруші Комиссияның жұмыс практикасында Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 19 қосымша, бұдан әрі – Хаттама) 16-тармағында көзделген жеке тұлғаларға айыппұлдар салу туралы Комиссия шешіміне сот тәртібімен шағымдануға байланысты мәселе туындағанын көрсетеді.

Хаттаманың 14-тармағына сәйкес бәсекелестік саласындағы Комиссияның актілеріне Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Статутында (Шартқа № 2 қосымша; бұдан әрі – Сот Статуты) көзделген тәртіппен, Хаттаманың ережелері ескеріле отырып, Одақ Сотында дау

айтылады. Сонымен қатар Сот Статутының 39-тармағына сәйкес Шартты, Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО, Одақ) шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін іске асыру мәселелері бойынша туындайтын даулар бойынша Сотқа жүгіну құқығын тек Одаққа мүше мемлекеттер және мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлғалар не мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар (дара кәсіпкер мәртебесі берілген; бұдан әрі – дара кәсіпкерлер) жатқызылатын шаруашылық жүргізуші субъектілер ғана иеленеді.

Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін жауапқа тартылған өзге жеке тұлғалардың Сотқа жүгінуі Сот Статутының ережелерінде тікелей көзделмеген, бұл Комиссия актілерін даулау мәселесінде құқықтық айқынсыздық туралы куәландырады, көрсетілген тұлғалар санатының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғау құқығын жүзеге асыру үшін кедергілер келтіреді.

Бұл ретте Комиссия дауды шешу бойынша құзыретінің бар-жоғы туралы мәселені Соттың шешетіндігіне қатысты Сот Статутының 41-тармағының ережелері Соттың трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін жауапқа тарту шаралары қолданылған заңды тұлғаларға да және жеке тұлғаларға да қатысты Одақ құқығын біркелкі қолдануын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, өтініш беруші Шартта бәсекелестік саласындағы Комиссияның актілеріне, әрекеттеріне (әрекетіздіктеріне) Сот Статутында көзделген тәртіппен, Хаттаманың ережелері ескеріле отырып Одақ Сотында дау айтылуы мүмкін екендігі (Хаттаманың 14-тармағының екінші абзацы) туралы жалпы ереженің болуы мүше мемлекеттердің Шартта жеке тұлғалардың трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін көрсетілген тұлғалардың жауапқа тартылатын Комиссия актілеріне шағымдануы мүмкіндігін көздейтін Сот құзыретін бекіту бойынша мәселені қарастыруы қажет екендігін көрсетеді.

Бұл ретте Комиссия қолданыстағы құқықтық реттеу шеңберінде, оның ішінде Одақ органдарының шешімдеріне шағымдану туралы өтінішті қарау бойынша Соттың айрықша құзыретінің болуы тұрғысынан ұлтүсті және ұлттық деңгейдегі сот органдарының юрисдикциялары бірімәнді шектелетінін атап көрсетеді. Осыны ескере отырып, жеке тұлғалардың олардың мүдделерін сотта қорғау құқығы жүзеге асырылуы және оларды іске асыруға кепілдік бекітілуі тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, өтініш беруші Шартта көзделген сот әділдігіне қолжетімділік құқығын және Одақ органдары иммунитетін ескере отырып, жеке тұлғалардың олардың трансшекаралық

нарықтарда бәсекелестік саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілігін айқындайтын Комиссия актілеріне наразылық білдіру туралы өтініштері бойынша дау-дамайларды қарау бойынша Сот құзыретінің болуына қатысты олардың өзара жүйелік байланыстары тұрғысында Хаттаманың 14-тармағын, Сот Статутының 39 және 41-тармақтарын түсіндіру бойынша Соттың консультативтік қорытынды беруін сұрайды.

II. Соттың қорытындылары

Сот Статутының 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Соттың Үлкен алқасы 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының шарттың терминдеріне олардың контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілетін әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс 31-бабының ережелерін ескере отырып, Шарт ережелерін халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары негізінде олардың өзара жүйелі байланысын түсіндіруді жүзеге асырады.

1. Шарттың 3-бабына сәйкес Одақ өзінің қызметін Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде, оның ішінде нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау негізінде жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттер Одақтың құзыретін айқындай отырып, Шартқа Одақта мүше мемлекеттер аумақтарындағы бәсекелестікке қарсы әрекеттерді, екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін әрекеттерді анықтауды және олардың жолын кесуді қамтамасыз ететін бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын белгілейтін (Шарттың 74-бабының 1-тармағы) XVIII бөлімді қосты.

Шарттың XVIII бөлімінде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын сақтау мақсатында, егер мұндай бұзушылықтар, қаржы нарықтарын қоспағанда, екі және одан да көп мүше мемлекет аумағындағы трансшекаралық нарықтағы бәсекеге теріс әсер ететін болса немесе әсер етуі мүмкін болса, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалары мен коммерциялық емес ұйымдарының бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесу бойынша өкілеттіктер Одақтың тұрақты қызмет ететін органдарының бірі ретінде Комиссия құзыретіне жатқызылған (Шарттың 76-бабының 7-тармағы).

Осылайша, мүше мемлекеттер осы салада жоғарыда көрсетілген тұлғаларды жауапқа тартуға Одақтың юрисдикциясы мен Комиссияның құзыретіне өз келісімдерін білдірді.

2. Комиссия өзіне берілген құзырет шеңберінде өкілеттікті жүзеге асыра отырып, Хаттаманың 10-тармағы 4-тармақшасының ережелеріне орай мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) орындауы үшін міндетті, оның ішінде:

- Шарттың XVIII бөлімінде және Хаттамада көзделген жағдайларда мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне (нарық субъектілеріне) айыппұл санкцияларын қолдану туралы;

- бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуын тоқтатуға, оларды бұзу салдарын жоюға, бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы шешімдер қабылдайды.

Хаттаманың 10-тармағының 4-тармақшасына сәйкес Комиссия қабылдайтын шешімдер жария өкілеттін берілген ұлтүсті орган шығаратын Одақ құқығын қолданудың жеке актілері болып табылады және ұлтүсті монополияға қарсы бақылау субъектілері үшін: заңды тұлғалар үшін де, жеке тұлғалар үшін де құқықтық салдарларды тудыратын ерік білдіруді қамтиды.

Бұған қоса, Хаттаманың 16-тармағында оларды жасағаны үшін айыппұл санкциялары көрсетіле отырып құқық бұзушылықтардың құрамы бекітілген. Осы саладағы құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін Комиссия жауапқа тартуы мүмкін субъектілер қатарында заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлермен қоса жеке тұлғалар да көрсетілген.

3. Хаттаманың 14-тармағына сәйкес бәсекелестік саласындағы Комиссияның актілеріне Сот Статутында көзделген тәртіппен, Хаттаманың ережелері ескеріле отырып Одақ Сотында дау айтылады.

Сонымен қатар, Сот Статутының 39-тармағында Сот Одаққа мүше мемлекеттің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектінің өтініші бойынша Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін іске асыру мәселелері бойынша туындайтын тиісті дауларды қарастыратыны көзделген. Сонымен бірге Сот Статутында дара кәсіпкер мәртебесі берілмеген жеке тұлғалардың Комиссия шешімдеріне дау айту туралы өтінішпен Сотқа жүгіну құқығы тікелей көрсетілмеген.

4. Сот Статутындағы шаруашылық жүргізуші субъект ұғымының мағынасы Хаттамадағы шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) ұғымының мағынасынан ерекшеленеді.

Сот Статутының 39-тармағында көрсетілгендей, ол мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлғаны не мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаны қамтиды, бірақ кәсіби табыс әкелетін қызметі мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге және (немесе) лицензиялауға жататын жеке тұлғаны қамтымайды.

Хаттаманың 2-тарамғының 20-тармақшасында белгіленген «шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі)» ұғымының анықтамасында көрсетілгендей, осы ұғым өзіне табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйым, коммерциялық емес ұйым да және жеке тұлғалардың екі санаты да жатады: 1) дара кәсіпкер, сондай-ақ 2) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кәсіби табыс әкелетін қызметі мемлекеттік тіркелуге және (немесе) лицензиялауға жататын жеке тұлға.

Хаттаманың ережелерін, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 17 желтоқсандағы № 118 шешімімен бекітілген Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін есептеу әдістемесі және айыппұлдар салу тәртібін талдау Шарттың 76-бабының және Хаттаманың мәнінде шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғалар екі санатқа бөлінуі мүмкін екенін куәландырады.

Біріншіден, бұл шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) секілді Шарттың 76-бабында көзделген құрамдардың кез келгенімен жауапқа тартылуы мүмкін лауазымды тұлғалар: үстем жағдайын теріс пайдалану (Шарттың 76-бабының 1-тармағы); жосықсыз бәсеке (Шарттың 76-бабының 2-тармағы); бәсекелестікті шектейтін келісімдер (Шарттың 76-бабының 3-5 тармақтары); экономикалық қызметті үйлестіру (Шарттың 76-бабының 6-тармағы).

Екіншіден, бұл шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) де, лауазымды тұлғаларға да жатпайтын жеке тұлғалар. Олар Шарттың 76-бабында көзделген алты құрамның тек бірі бойынша ғана – экономикалық қызметті үйлестіргені үшін (Шарттың 76-бабының 6-тармағы) жауапқа тартылуы мүмкін. Мұндай мүмкіндікке шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) ғана емес, коммерциялық ұйымдар мен жеке тұлғаларға да бағытталған Шарттың 76-бабының 6-тармағының да және бұзушылықтың осы санаты бойынша жеке тұлғаларға (20 мыңнан 75 мың Ресей рубліне дейін) және лауазымды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге (20 мыңнан 150 мың Ресей рубліне дейін) айыппұлдың жеке мөлшерін белгілейтін Хаттаманың 16-тармағының 3-тармақшасының да нормалары тікелей көрсетеді. Мұндай тұлғалар сонымен қатар Комиссияның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) бермегені не уақытылы бермегені үшін немесе Комиссияға көрінеу анық емес мәліметтер (ақпарат) бергені үшін немесе Комиссияның бұзушыны белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін шешімдерін орындамағаны, тиісінше орындамағаны немесе мерзімінде орындамағаны үшін жауапқа тартылуы мүмкін (Хаттаманың 16-тармағының 5 және 6-тармақшалары).

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Хаттаманың ережелерін және Сот Статутының 39-тармағын талдау бәсекелестіктің жалпы қағидалары

саласында жауапқа тартылуы мүмкін жеке тұлғаларды төрт санатқа бөлуге мүмкіндік береді:

а) Хаттама мәнінде шаруашылық жүргізугі субъект (нарық субъектісі) болып табылатын дара кәсіпкерлер;

б) Хаттаманың мазмұны бойынша кәсіби табыс әкелетін қызметі мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге және (немесе) лицензиялауға жататын және шаруашылық жүргізуші субъекті (нарық субъектісі) болып табылатын жеке тұлғалар;

в) лауазымды тұлғалар;

г) жоғарыда көрсетілген санаттардың ешқайсына жатпайтын жеке тұлғалар.

Тізіп берілген санаттардан тек дара кәсіпкерлер ғана Сот Статутының 39 тармағының 2-тармақшасы негізінде Сотқа жүгіну құқығын иеленеді.

Осылайша, Комиссия трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларының бұзылуы белгіленген жағдайда жеке тұлғаларға айыппұлдар салу бойынша құзыретті иеленеді. Бұл ретте Сот Статутымен Хаттаманың 14-тармағын жеке тұлғалардың өтініші бойынша Комиссия актілері дау айту бойынша істерді қарау жөніндегі Сот құзыреті туралы нормамен байланыстыру көзделмеген.

5. Шарттың 3-бабына сәйкес Одақтың қызмет етуі халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына, сондай-ақ адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі қағидатын сөзсіз сақтау қажеттігіне негізделген (Шарттың кіріспесі).

Соттың қорғауы құқығының элементі оларға Комиссияның жауапқа тарту шараларын тағайындау туралы актілері жатқызылатын әкімшілік органдарының әкімшілік санкцияларды тағайындау туралы шешімдерін сотта қайта қарау кепілдігі болып табылады. Бұл ретте сот қорғауы құқығының мазмұны әркім оның құқықтары мен міндеттерін айқындау кезінде оның ісін құзыретті соттың қарауына құқылы.

Комиссия өзінің шешімдерімен дара кәсіпкер мәртебесі берілмеген жеке тұлғаларды да жауапқа тартатындықтан, бұл мұндай тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін өзгертуге алып келеді, соңғылары өз құқықтары мен міндеттеріндегі тепе-теңдікті сот тәртібімен ғана түпкілікті айқындауға бағытталған жоғарыда мәлімеделген кепілдіктерден айрылмауы тиіс.

Одақ Сотының Одақтың трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы істерді қарау бойынша құзыретінің арнайы сипаты Сот Статутының 39-тармағымен және Хаттаманың 14-тармағымен айқындалған. Осылайша, Хаттаманың 16-тармағында көзделген Комиссияның айыппұлдар салу туралы шешімдеріне дау айту туралы істер бойынша Соттың пәндік құзыреті Одақтың құқық

нормаларымен белгіленген. Сонымен бірге дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалар осындай талаптар қойған жағдайда оларды қарау бойынша Соттың субъектілік құзыреті Одақтық құқық нормаларында көзделмеген. Бұл құқық нормалары негізінде құзыретті белгілеу секілді оның элементін қамтамасыз етпеу салдарынан көрсетілген тұлғалардың соттың істі әділ қарауына құқықтарын іске асыруға құқықтық кепілдіктің болмауы туралы және жауапқа тартылуы мүмкін жеке тұлғалардың әртүрлі санаттарының құқықтары мен міндеттерінің тең болмауы туралы куәландырады.

6. Соттың Үлкен алқасы Одақ оларға Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретінде Комиссия да жататын (Шарттың 18-бабының 1-тармағы) меншікті органдар жүйесі бар халықаралық құқық субъектілігіне және функционалдық иммунитетке ие, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылатынын (Шарттың 1-бабының 2-тармағы) атап өтеді.

7. *ratione personae* құзыретін қоса алғанда Соттың нақты бір дауды шешу бойынша құзыретінің бар-жоғы туралы мәселені Сот Статутының 41-тармағына сәйкес Соттың өзі шешеді. Бұл ретте Сот Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақтың үшінші тараптармен халықаралық шарттарын басшылыққа алады.

Бұдан байқағанымыздай, Сот нақты бір өтінішті қабылдауға болатыны мәселесін шешу шеңберінде өтініш беруші Сот Статутының 39-тармағындағы мәнде шаруашылық жүргізуші субъект болып табылатынын және Комиссияның дау айтылған, шешімі оның құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтынын анықтайды. Алайда бұл Соттың өз құзыретін (оның ішінде субъективті) кеңейтуге (тарылтуға) құқылы екенін білдірмейді. Сонымен бірге бұны оған сәйкес Одақ органдары Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейтіні Шарттың 8-бабының 2-тармағының нормасы да растайды.

Шартты Сотқа жүгіну құқығы берілмеген өтініш берушілердің қатысуымен дау-дамайларды шешуді Соттың құзыретіне жатқызу халықаралық сотқа құзыреттер беру мемлекеттердің келісуіне негізделетіні туралы жалпыға бірдей танылған халықаралық-құқықтық тәсілдемеге сәйкес Сот Статутының 40-тармағынан туындайтын Одаққа мүше мемлекеттердің айрықша құзыретін құрайды.

Мәлімделгендер негізінде Сотқа жеке тұлғалардың қатысуымен істерді қарау бойынша құзыретті беруді ол өз бетінше іске асыра алмайды. Соттың Үлкен алқасы қазіргі уақытта жеке тұлғалардың оларға Одақ құқығымен берілген құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын Комиссияның бәсекелестік саласындағы актілерін дау айту кезінде өздерін сотта қорғау құқығын іске асыру мүмкіндігі көзделмеген.

8. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы мынадай түсіндіруді ұсынады:

8.1. Одақ құқығымен Сотқа тек мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалардың ғана өтініштері бойынша трансшекаралық нарықтарда бәсекелестік саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілікті айқындайтын Комиссия шешімдеріне дау айту туралы істі қарау құзыреті берілген. Соттың өзге жеке тұлғалардың өтініштері бойынша дау-дамайларды қарауы Сот Статутында көзделмеген.

8.2. Соттың құзыретін өзгертуді Одаққа мүше мемлекеттер Шарттың 115-бабы негізінде Сот Статутына тиісті түзетулер енгізуі арқылы жүзеге асыруы мүмкін.

III. Қорытынды ережелер

Осы консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян